

АКМЕШІТ

6+



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

Мағжан



№ 37 (470)
15 қыркүйек, 2022 жыл



МЫҚТЫ МОБИЛОГРАФҚА ЕРІТІЛІК КЕРЕК

Жақында Қызылорда қаласында «Менің қалам» республикалық фестивалі өтті. Фестиваль кезінде «мобилорафтияның атасы» атанған қазақстандық жас режиссер, «Kytan Films» компаниясының негізін қалаушы, мобилораф Қыран Талапбекпен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– Қыран, Нью-Йорк фильм академиясында режиссураны оқысаңыз да, елге оралып, бұрын естіп-білмеген жаңа саланы дамыттыңыз. Мобилорафтияға қалай келдіңіз?

– Мектеп бітірген соң режиссура саласын тандадым. Шамамен осыдан он шақты жыл бұрын ғой. Оны естіген тустарым, тіпті, әкем де қарсы болды. «Оны қайтесіз, одан да медицинаны танда», «Зангер бол» дейтін. Өрине, өкініні бірі бара бермейтін, көпке бейтаныс мамандық болған соң болашағымды ойлап қорыққан болар. Нью-Йорк академиясынан

бұрын, 11 сыныпты бітірерде Түркия мемлекетінен режиссураны оқытатын университет таптым. Осылайша Түркияға аттандым. Ештеңеге қармастан өзім қалаған мамандыққа тапсырдым. Сол кезде маған қолдау көрсеткен, сенім білдірген анам еді. Мектептегі соңғы жылымда маған дрон құрылғысын алып берген де – анам. Ол кезде Алматыда ондай құрылғы өшімде жоқ. Енді ғана шығып жатқан көзі әрі бағасы да қымбаттау. Алайда анам менің қалауымды қолдау үшін өзінің басқа мақсатқа жинаған ақшасына сатып алып берді. Сол күні іштей өзіме «қалайда видео түсіру арқылы ақша таба алатынымды дәлелдеймін» деп уәде бердім. Жаз бойы тойларды түсіріп, дронның құнын шығарып алдым. Кейін Түркияда жүрген кезде де мобилорафтия арқылы ақша тауып, оқуымды, қажеттілігімді өзім қамтамасыз етіп жүрдім.

Ал Нью-Йоркте жүргенде сол жердегі әлемдік брендтерден, компаниялардан тапсырыс түсе бастады. Жақсы жұмыс істей бастадым, жақсы өмір сүрдім. Өзім армандайтын көліктердің түр-түрін міндім. Бірақ шетелде сені іздеп, жұрттың адамның жоқ, елң жоқ, бешбармақпен күтіп отыратын отбасың жоқ. Жалпы «тек қана шетелде мықты бола аласың» деген жалған түсінік. Мықты кадр, өзінің ісін сүйетін, сауатты маман көз келген елде жоғарыға шығады. Нью-Йоркте қалға болар еді. Онысыда Америкада

қазақтар жеткілікті. Елге оралып, мобилорафияны, режиссураны өзіміз осы жерде дамытайық, дамуымыздың әлдеқайда болайық деген ой болды. Мақсатымызға жетіп келеміз, шүкір.

– Мықты мобилорафтияң басты қаруы не?

– Мықты фотограф не видеораф болуы ең алдымен еркіндік қажет. Менің той түсірейтін себебім де – осы. Тойда қатып қалған сценарий бар, өз идеяңды іске асыруға ешқандай мүмкіндік жоқ. Toyota Camry, Lexus автоөкілдері туралы, басқа бағыттағы түсіруден айналып қолжеткізетін сәтті шығуы – жұмыс барысында абсолютті шығармашылық еркіндіктің болуында.

Қазір 60 000-ға жуық шәкіртіміз бар. Біз бұл салада толығымен ойың ерекше өзгертті. Нарықты да өзгертті. Қазақстандық маркетинг, Instagram, Tik-Tok желілері видео-контентке мұқтаж. Сол үшін қоғам мобилорафтарға тәуелді. Орта және кіші бизнес өкілдері мобилорафтарға саласын меңгеруге көшті. «Kytan Films» ұжымының мүшесі көбірек түсті. Біз тек Қазақстанда емес, шетелді бағындыдық. Оқушыларымыз Дубай, Ташкент, Мәскеу, Сеул, Стамбул сияқты қалаларға көшіп, нарықтың алдығын сапта тұрған компаниялардың қызмет көрсетуде. Мыңдаған адам жаңа саланың көмегімен өз өмірін жақсы бағытқа өзгертті. Бір нәрсені естен шығармау керек: Майкл Джексон музыканы ойлап тапқан жоқ, Мұхаммед Әли боксты ойлап тапқан жоқ және біз де мобилорафияны ойлап тапқан жоқпыз. Бірақ біздің команда осы тұлғалар секілді өз ісін ең мықтысы болу үшін тоқтаймай жұмыс істеуде. Бастысы сол.

– Ең ұзақ түсірген жұмысыңыз туралы айтып өтсеңіз?

– Естен кетпейтін, ең ұзақ жасаған туындаы – Lexus көлігінің жарнамалық ролик. Әлемдік брендтен тапсырыс қабылдаған соң Қазақстанның көбісі біле бермейтін, ерекше табиғатын көрсете отырып, бір минуттық видеоролик жасадық. Оны Америкада, Лондонда, жалпы Еуропада көрсетеді. Алматы,

Маңғыстау өңірінен, Бозжырадан арнайы кадрлар алынды.

Қаралайым телефонға түсірілген бір минуттық видеоны дайындауға бір ай уақыт кетті. Бір апта түсірілім жұмыстары жүрді. Ең қызығы – түсірілім кезінде бір апта бойы қаралайым телефонға қонып, тамақтандық. Нәтижесі өзіміздің де, тапсырыс берушінің де көңілінен шықты. Қазақстанның табиғаты әдемі естелік ретте жарнамалық видеоға сақталып қалды.

– Қызылордада алғаш рет өткізіліп жатқан республикалық фестиваль несімен ерекше?

– Шынымы айтсам,

Қызылордада республикалық фестиваль өткізу туралы ой жиі келетін. Көз келген салада міндетті түрде бір мықты қызылордалықты көруге болады. Тіпті, бұған танданысымды жасыра алмаймын. Мысалы, біздің командада Дубайда фэшн видеолары арқылы бағындырған бұй бар.

Облыс көлемінде байқау ұйымдастырылып, оған 70-тен аса қатысушыдан 100-ден аса видео келді. «Менің қалам» деген мерекелік тақырыптың өзі ерекше. Қатысушылар қала құнына орай Қызылорда туралы креативті бейнелерді түсіріп, бақ сынасты. Үздік шыққан үштікті анықтадық. Алайда байқауға келген өзге де туындыларға тарихи бояу жетіспеген сияқты. Сыр өңірі тарихымен ерекше екенін ескере қажет. Қала әкімдігінің қолдауымен өтіп жатқанын естігенде қуанып қалдық. Әкімдік тарапынан маңызды саланы, жастарды қолдау керек-ақ.

Фестиваль өткізу туралы ұсыныс айтып, шараны басынан аяғына дейін ұйымдастырған «Qosul» қалалық жастар ресурстық орталығына да



алғаш айтамын.

Нәтижесінде қаланың әдемі видеолар базасы жаңарды, кәсіпкерлер жас мобилорафтармен танысып, оларға ванаисы ұсынды. Қызылордада мобилорафтардың ортасы қалыптасып келеді. Айналымызға, өмірге басқа ракурстан қарауды үйрететін мобилорафтарға қолдау білдірсе, жастардың пікірін тыңдап, еркіндігін шектемесек, елдің қолдауына сенім артпау болады.

– Сұбат үшін рақмет, Қыран!

Өңгімелескен
Дина БӨКБЕБАЙ

Көптің көңіліне сенім сыйлаған бірегей бағдарлама жайлы жақында жарияланған «Әділетті қоғам, Біртұтас ұлт, Берекелі қоғам» атты Президент Жолдауында айтылды. Мемлекет басшысы ерекше мән берген бұл бастама әділетті қоғамның орнауына ықпал

Осы уақытқа дейін шетелдік жүйеге, әсіресе қарағандық дүние есігін ашқан әр сәбиге инвестиция салатынына қызығып қарағанымыз жасырын емес. «Араб арманы» деп аталатын түсінік қалыптасқан бұл бағдарламаның Қазақстанда да қолға алынатыны дүйім жұртты қуантпай қоймады. Елдің келешегі деп үміт күтетін балаларға бөлінетін қаржының біршама мәселені шешетіні рас. Әсіресе, бағдарлама балалардың білім алуына, баспана алуына бағытталуда деп күтілуде.



етек. Себебі ұлт бейлігін тең бөлу, баршаға бірдей мүмкіндік беру қоғамдағы тұрақтылық пен сенімділікті қалыптастыратыны сөзсіз.

«Біз Ата Заңымызда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген басты қағидатты бекітті. Бұл – құр сөз емес. Бұл – барлық реформаның арқауы. Өзбiр отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. Сондықтан мен жариялаған «Балалар жылының» аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп

санаймын. Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақталушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балаларға көмектесіп жатса тоналғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалып. Бұл қаражат өсімен ұрпақтың өмірлік қаржысына мүмкіндік береді.

Қор, шын мәнінде, ұлттық мәртебеге ие болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Бастаманы мұқият әзірлеу қажеттігін ескере отырып, жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосуды тапсырамын», – деді Қ.Тоқаев.

Жағымды жағдайдан хабардар болып, бір-біріне сүйіштілікпен халықты әр баланың еншісіне шамамен қанша көлемде қаржы бұйыратыны қызықтырғаны рас. Аталған сауалға сарапшылар да мүмкіндігінше пікір білдіріп, өз пайымдарын жеткізді.

Ал көпшілікті ойлантқан

ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА!



сауалдың нақты жауабы жайлы Президенттің баспасөз хатшысы Рүсәл Желдібай Facebook-те жазды.

«Үкімет пен Ұлттық банктің есебі бойынша елімізде жыл сайын 400 мың сәби дүниеге келеді. Бір бала 18 жасқа толғанша олардың есепшотында кем 3 мың АҚШ долларына тең қаражат жиналады. Жинаққа қанша сыйлақсы есептелетінін растады: «Норма 2024 жылы күшіне енгенде 18 жасқа толмаған балалық баланың атына арнаулы шот ашылады. Олар көмектесіп жатса тоналған қаржы түсіп тұрады. Шоттағы қаражат шетел валютасында сақталады. Сонымен қатар жинақ бойынша пайыздар есептеледі. Бұл шаралар шоттағы қаржыны инфляция қорғауға мүмкіндік береді» делінген оның жазбасында.

Қаржы министрлігінің мәліметіне сүйенсек, Ұлттық қор 2001 жылы іске кіріскені бері 25,5 трлн теңгеден астам инвестициялық табыс тауыпты. Оның шамамен 77 пайызы немесе 19,8 трлн теңгесі валюта бағамының айырмасынан алынған, яғни долларға шаққанда теңгені девальвациялаудан түскен қаржы. Сарапшылардың пікірінше, бұл бастаманы биік 20 жыл бұрын қолға алғанда қазақстандық балалардың есепшотында елгеүл соң жиналатын мүмкіндік болған.

Ал Есен көмітетінің хабарламасында Ұлттық қордың инвест-табыстары көбірі жылдары алдырда жоғары көрсеткіше ие болғаны көрсетілген. Мәселен, 2015 жылы табыстылық жөнінен

рекорд орнап, бұл көрсеткіш 10,2 триллион теңгеге жеткен. Егер қор сол жетістігін қайталай алса, оның жартысынан балалардың әрқайсысының есепшотына 718 мың теңгеден құйылмақ, нәтижесінде жинақ сомасының ұлғаяуы жеделдей түседі. Себебі жыл сайын 718 мың теңгеден түсіп тұрса, 18 жылда 13 миллион теңгедей қаржы жинауға мүмкіндік болады.

Дүниеге келген әр бала көмектесіп тоналғанша есепшотына қаржы аудару туралы бағдарламаның жүзеге асуына 2024 жылға дейін уақыт берілді. Оған дейін бастаманың сәтті жүзеге асырудың жолы жан-жақты зерттелетін болады. Айта кетейік, аталған бастаманың басқа шет мемлекеттерде бірнеше нұсқасы бар. Сондықтан нақты шешімге келмес бұрын тәжірибеге сүйенген артық етпейді. Бұл туралы белгілі экономист Олжас Құдайбергенов келесідей ұтымды ойын білдірді.

«Осындай ұқсас жобалардың екі түрі бар. Біріншісі – Ресей Федерациясы мен

Беларусь Республикасында, онда мұндай жоба «Ана капиталы» деп аталады. Бірақ бұл мемлекеттерде бір-ден шамамен 10 мың доллар бөлінетін, оны бала 18 жасқа толғанға дейін қолдануға болмайды. Бұл қаржыны да тұрғын үйге немесе білім алуға жұмсауға болады. Сондай-ақ Аляска мұнай қорының осыған ұқсас тәжірибесі бар. Алайда олар балаларға ғана емес, Алясканың әр тұрғынына жылына 2 мың доллар төлейді. Ал бұл төлемді алғышлар қалағанына жұмсай алады. Төлемнің жалғыз шарты – алушы адам сотталмаған болуы керек. Ал елімізде Ұлттық қордың инвестициялық кірісін 50%-ын әрбір балаға бөлетін болды. Бұл жылына шамамен 250 доллар болады. Осы арада тұрғын үй сатып алуға одан әрі жоспарлау оңай болуы үшін есепшотты бірден. Отбасы бәкінен ашылатындай етіп жасаған дұрыс деп ойлаймын. Жалпы алғанда, бұл бастаманың теріс ықпалы бар дейтіндей қауіп жоқ, инфляцияға да қысым болмайды. Әсіресе алғашқы 18 жылда байқала қоймайды. Балаларға Ұлттық қордың табысы өсіп, бұл төлемдерді одан сайын көбейтуге мүмкіндік туады деп үміттенеміз», – деді О.Құдайбергенов.

Жуырда ғана жарияланған Жолдау халықтың болашаққа деген сенімін нығайта түсті. Енді балаларға бөлінетін инвестиция да көп ұзамай оң нәтиженен берері деген үміт мол.

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Ойын жайлы айтсақ, міндетті түрде ойымызға кішкентай бүлдіршіндер түседі. Қазіргі таңда балаларға арналған ойыншықтың түрі де көп. Дүкендегі ойыншық бала түгілі, ересектердің де назарын өзіне аударып тұрады. Алайда соңғы кезде ойыншықтардың орнын алмастыратын мықты бәсекелес табылды. Ол – смартфон, планшет және ноутбуктар.

Ата-ана баланың назарын бір жерге бұрып, көңілін аулау мақсатында кішкентайының қолына YouTube бейнежазбалар желісі қосылған смартфонды ұстата салады. Көріп жүргендей, 24 сағат телефонмен бірге

болғаннан кейін баланың далаға шығуы сирейді. Осылайша бүлдіршін ғаламтор шеңберінің ішінде қалады. «Радиотолқындардың әсері» баланың психикалық және физикалық жағдайына әсер етуі мүмкін. Зерттеулер уялы телефондардың ұйқының бұзылуына, петагрияға, ұйқышылдыққа, иммунитеттің төмендеуіне, есте сақтау қабілетінің нашарлауына және психикасының бұзылуына әкелуі мүмкін екенін көрсетті, – дейді ғалымдар. Әрине, кішкентайлардың тыным таппай, әр нәрсеге қызығуы – он сегіз мың ғаламды танудағы таппынысы ретінде заңды құбылыс.

«Бала жай бейнебаянға емес, динамика, қозғалысты қажет ететін, бейнетаспапарға ғана назар бөлетінін ескеруіміз керек. Байқап қарасақ, олар қозғалыссыз,

динамикасыз таспапарға мұнда назар аудармайды. Бала ойыншыққа назар аудару үшін динамикалық ойыншықтарды алуды ұсынамын», – дейді ойыншық саласына зерттеу жасап жүрген Қанат Сүлеймен.

Бұған қоса мамандар «Бала кішкентай кезінен

смартфонмен дос болғаннан кейін есейген кезде телефоннан басқа затқа назар аудармайды. Күндіз-

ЖЕЛІНІҢ ЖЕТЕГІНДЕГІ ЖЕТКІНШЕКТЕР

түні смартфоннан бас алмауының нәтижесінде кибербуллингке ұшырап, суицидке баруы алаңдатарлық» деген пікірде. Статистикаға сүйенсек, бытыр осы ғаламтор салдарынан 105 бала өз-өзіне қол жұмсаған.

– Әрбір адам ортасына қарап бой түзейді. Қазір заман өзгерді.

Осыдан он бес жыл бұрын ғаламтордың не екенін де білмейтін едік. Бүгінде интернет, смартфон деген түсінікті үштегі баланың өзі

жатқа біледі. Қазіргі балалар өте ақылды. Бұрын ата-аналарымыз «ақырзаманның балалары», «булар бәрін іштен біліп тұған» деп ұрысушы еді. Дәл осы сөздер бүгінгі бүлдіршіндерге арналып айтылғандай. Себебі үштегі баланың өзі қалта телефонындағы әртүрлі ойындарды «шағып тастайды». Сондай-ақ суретке де, видеоға да түсіруді біледі. Оған қалай таңалмайсың. Бірақ екіншіше қарай, бұл жағдайдың теріс жақтары бар. Мәселенің төркіні – ата-ананың балаға жеткілікті уақыт бөле алмауынан. Өйткені үлкендерге қарағанда баланың энергиясы мен өмірге деген құлшынысы көп. Бәрін білуге, үйренуге құмар. Дегенмен оған ата-ана тарапынан тыйым көп болуы мүмкін. Сондықтан бала бұзық болып, өзіне көңіл аударғанын қалайды. Мұны ата-аналар дұрыс түсінбей, тыныш отыруы

үшін өзінің уялы телефонын беріп, тыныштандырады. Әрине, бұл тек бір ғана мысал. Түрлі себептері болуы да мүмкін. Екіншіше, десек те, мейлінше ғаламтордың әлептіне, уялы телефонының қызығына баланы алдаусыратпай, барынша көңіл бөліп, әңгемелескен абзал, – дейді №3 калалық емхананың әлеуметтік психолог Шынар Қадырханқызы. Бала тәрбиесіне ата-бабаларымыз ерекше көңіл бөлген. Қазіргі таңда бұл міндеттің жауапкершілігі арта түсті. Баланы ойыншыққа бұруға күш салу керек. Қауіпсіздігі үшін ең алдымен еліміздің болашағы – бүлдіршіндерді уялы телефоннан ажыратқан жөн. Ал олардың ғаламтор қамауында қалмауы үшін бірінші өзіміз қадам жасайық!

Досжан
ТАЛҒАТОВ

Тамылжыған тамыз төмадаптып, күнөң күз басталған шақта ел аумағы өртке оранды. Алдымен Қостанайдағы қызыл жалын тұрғындарды тығырыққа тіреді. 5 күн бойы өрт сөндірушілер айтып келмейтін апаттан арпалысып, өмірін қауіп-қатерге тікті. Дегенмен қызу қызмет үстінде ірі өрт сөндіруші тілсіз жаудың құрбаны болды. Қызметіне адал болған маманды мемлекет басшысы да ескеріп, ІІІ дәрежелі орденмен күрмет көрсетті. Қостанайдағы қауіп сөйле бастағанда Шығыс Қазақстан облысында да дабыл қағылды.

Ондағы жалын жалпы аумағы 6100 гектарды шарпыған. Желдің екпінінен ұлғайған өртке 19 техника мен 118 адам жұмылдырылды да қосымша көмек қажет екенін түсінген басшылық халықты өрттен сақтап қалу үшін, Ұлттық Ұланның 401 сарбазы мен 41 техникасын көмекке жіберді. Жәдел шешім мен адал қызметтің арқасында Шығыстағы жағдай шешелісе қоймады. Десек те өрт Қарағанды облысында да тұтанып, біршама тұрғындарды әбiгерге салды. 3 облыстағы апаттан кейін өрт сөндірушілердің мәселесі айқын аңғарылды. Иә, қазір қауіп жоқ. Апат күлретіп кеткен жұртқа жаны ашып, жәрдем беруге ұмтылған тілекші халық қарасы күннен-күнге көбейді. Төтеннен келген апат ешкімді бей-жай қалдырмады. Қиын-қыстауда ел болып, бірге болғанымыз көпшілікті қуантты. Сонымен бұл саладағы мәселе-ге зер салсақ.

Күн сайын табиғи апат салдарынан немесе қауіпсіздік ережелерінің дұрыс сақталмауынан туындайтын өрттен бетпе-бет келіп, тілсіз жаумен арпалысқа түсетін өрт сөндірушілердің жағдайы мез емес. Қазір мамандығын жаны сүйіп тұрса да жұмыстан шығуға мәжбүр болатын өрт сөндірушілердің қатары көбейіп кеткен. Басты себеп – аилықтың аздығы мен баспана мәселесі.

Статистиканы сабақтасақ, өрт сөндірушілердің жалақысы 95 мың теңгеден басталады. Жалақы жылдық еңбек өтіліне байланысты өседі. Ең жоғары жалақының өзі бір отбасын толық қамтамасыз етуге жетпейтін көрінеді. Жақында 2 мамандандырылған өрт бөлімінің қызметкері Еркебулан Сәдуақасұлы өз еркімен жұмыстан кеткен. Себеп жалақы мәселесі.

– 2016 жылы Шымкент қаласындағы оқуымды төмадап, 2 мамандандырылған өрт бөліміне қызметке орналастым. 5 жыл қызметіме адал болып, қалтқысыз қызмет атқардым. Бұл қызметтегі үлкен маңыздылық пен басымдық – адам өмірін сақтап қалу. Бұл мамандыққа шексіз махаббатпен келдім. Мектеп кезінен бастап форма киігім келетін. Алғашында әскери қызметке баруды ойладым. Дегенмен еңбек жолым өрт сөндіру қызметкері болу болыпты. Көбі «өз өмірің үшін қорықпайсың ба?» деген сұрақты жиі қойды. Жұмыс барысында қорқыныш болып көрген жоқ. Өзің қорқып барсаң, басқаның өміріне қалай араша түсің. Сондықтан артық эмоцияны ысырып, ештеңе ойламастан жұмысымды істейтінмін. Адамдардың алғысы, жылы көзқарасы қосымша күш беріп,

жігерлендіре түседі. Өрт немесе басқа жағдай болған жерлерге керісінше өзім сұранып отыратынмын. Мұндағы мақсатым – өзім тандаған мамандықтың бар қиыншылығы мен ыстық-суығын көру болды. Ең алғашқы жалақым 56 000 теңге болды. 6 ай машықтанушы болдым. 5 жылдың ішінде ең көп жалақым 95 000 теңге. Бір отбасыны асырамақ түгілі қу қарақан басымызға жетпейді. Пәтер жалдаймыз, киім кешегіміз және ас асуатымыз бар. Өрт сөндірушілер бір күн жұмыс істеп, үш күн демалыс бар. Демалыс күндері қосымша жұмыс істеуге болмайды. Бұл жемқорлық болып саналады. Өрт сөндіру қызметкерлерінің ең жоғары жалақысы еңбек өтілі

20 жылдан асқан азаматтық қорғау старшинасы шенімен бірінші класс тәлімгерлігі болса, 190-200 мың теңгені құрайды. Міне біздің саладағы жалақының мөлшері осындай. Ама! жоқ жүрек қалауындағы қызмет болса да, күнкөрісті қамымен қызметтен кетуге тура келді, – дейді Еркебулан Сәдуақасұлы.

Еркебулан секілді жұмыстан өз еркімен кеткендердің саны күрт санап көбейген. Мысалы, бір ғана Нұр-Сұлтан қаласында жыл басынан бері 77 өрт сөндіру қызметкері жұмысын тастап кетуге мәжбүр болған.

Иә, «өрт шыққанда құдық қазатынымыз» қынжылтады. Апат болса, проблема да шығатыны қалыпты жағдайға айналып бара ма? Өрт басталғалы осы саланың біраз мәселесі ашылып, көтеріле бастады. Президенттің пәрменімен төтенше жағдайдан кейін өрт сөндірушілердің жалақысы есірілетін болды.

Мәрдимсыз жалақыға қызмет атқарған өрт құтқарушылары енді Ұлттық қауіпсіздік комитеті мамандарының еңбекақысымен теңестіріледі. Жалақы өссе де қызметке беттемейтіндер баршылық. Оған дәлел елордадағы статистика. Онда 1 698 штат болса, 1463 қызметкер ғана қызмет атқарады. Ал 235 орын өз мамандарын күтуде. Мұндай мәлімет өзге де облыстарда қайталануда. Бұл саладағы мәселенің ең негізгісі – өрт сөндірушілердің техникалық-материалдық жағдайы. Әсіресе өңірлердегі өрт сөндірушілердің хәлі мүшкіл. Техника не ескі, не жетпейді... Мұны қызмет атқарған Еркебуланның өзі растап отыр.

– Жалпы Қызылорданы еселке алмағанда республиканың өзінде техника тым көне. Қателеспесем, Қазақстанда 3 ғана өрт сөндіретін тікұшақ бар. Бұл тұтас мемлекетке өте аз. Біздің өңірде 1976 жылы шыққан техникалар әлі қызмет атқарады. Бүгін жүрсе, ертең өкінішке қарай істен шығады. Сондықтан

базаны жаңарту керек. Ескі техникаларда судың қоры 2,5 тоннаны құрайды. Секундына 45 литр су шықты болса, қор 3-ақ минутта таусылады. Сол себепті суды мол жинайтын қоры бар техникалар біздің салаға талшы. Сондай-ақ қала аумағындағы пункттердің санын көбейту қажет. 400 мыңға жуық халқы бар облыс орталығына 6 пункт аздық етеді. Кемінде мұның саны 7-8 болу керек. КБІ мөлтек ауданы белсенді өрт аумағы болып есептеледі. Сол жақты жедел қамсыз ету үшін арнайы бір пунктты іске қосу керек. Қазір қаланың аумағы кеңейді.

Наурыз, Киров, Сабалақ секілді аймақтарға да бір пункт қарастыру керек, – дейді Еркебулан.

Еркебуланның сөзін Наурыз елді мекенінің тұрғыны Рамазан Әбдіқадыров та қолдайды. Өйткені Тасбөгет кентінен өрт сөндірушілер келемін дегенше қызыл жалын шығаратын көрінеді.

– Тасбөгет пен Наурыздың ара қашықтығы 12 шақырым. Техника ескі. Ырғатылып келемін дегенше жалынның қауіп күшейіп кетеді. Өткен жылы көршіміздің қорасынан өрт шығып құтқарушылар келемін дегенше мал қорасы күлге оранды. Сондай жағдай орын алмас үшін Наурыз, Махамбетов, Сабалақ елді мекендеріне арнайы бір пункт қарастыру керек, – дейді Рамазан Әбдіқадыров.

Иә, сынақ тосыннан келетіні ақиқат. Бірақ сынаққа сынбай дер кезінде төтеп беру үшін қам қарекетті де дұрыстау керек. Елдегі өрт сөндіру мамандарының керек-жарағын жаңартпасақ, Қостанайдағы жағдайға қайта тап болуымыз ғажап емес. Өйткені 2004 жылы Қостанайда биылғыдай қауіп-қатер орын алған. Үкімет үйіндегі «жағдайды реттейміз» деген уәде құр сөз болып қалмаса дейміз.

Е.ШӨРІБЕК



Абай ӘБІЛБАЕВ, Арал аудандық жастар ресурстық орталығының директоры:

– Абай, қазіргі кезде орталықта жүргізіліп жатқан жұмыстың қарқыны қандай? Өзіңіз келгені қандай бағыттарға басымдық берудесіз және қолға алынған жобалар қаншалықты нәтижелі?

– Алдымен баршаныңды жаңа оқу жылымен шын жүректен құттықтаймын! Жаңадан грант иегері атанған жастарға оқуда

әлеуметтік және экономикалық маңызы бар орындарға іліп, аудан тұрғындарын ақпараттандырудың және әлеуметтік желілер арқылы хабарландыру бердік. Бұл жерде QR кодты сканерлеу арқылы жастар өзіне қалаған жұмысты тауып, орналаса алады. Бұл жоба өз кезегінде аудан жастарын

жастармен жеке-жеке кездесулер ұйымдастырып, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікке баулу, шығармашылық қабілеттерін арттыру бағыттары бойынша жұмыс жүргізілетін боламыз. Осы тұста айта кету керек, Қазақстан ТМД мемлекеттерінің арасында бірінші болып NEET санатындағы жастармен жұмыс жасаудың әдістемесін

арқылы аудан бойынша әдрестік жұмыстар нәтижелі аятлады.

– Ауданға қарасты ауыл жастарына қандай мүмкін-



МАКСАТ – ЖАСТАР ҮШІН ПАЙДАЛЫ ЖОБАЛАР ЖАСАУ

сәттілік тілеймін! Қазіргі таңда статистикалық мәліметке сәйкес ауданда 19 мыңнан аса жас бар. Бұл жалпы халықтың 24,2 пайызын құрайды. Жыл басынан бері орталық мемлекеттік жастар саясаты аясында 12 бағыт бойынша жоба әзірлеп, жұмыс атқарып келеді.

Атап айтар болсақ, «Жас маман» жобасы бойынша – 11 кездесу, «Дін және жастар» жобасы бойынша – 14 кездесу, «Еріктілер мектебі» жобасы бойынша – 18 мәдени-көпшілік шара, «Жастар қоғам назарында» жобасы аясында – 9 рейд жұмыстары, «Мен спортты таңдаймын» жобасы бойынша – 5 спорттық шара және «Жас кеңесші» жобасы аясында – 7 «Ашық есік» акцияларын ұйымдастырдық. Жастар саясатына келгеніме биыл алты жылдан асты. Осы уақытқа дейін жастарға арналған түрлі бағыттағы маңызды жобаларды іске асырдық.

– Жұмыспен қамту – қоғамда жиі талқыланатын тақырыптың бірі. Бұл мәселені оңтайлы шешудің жолы қандай деп ойлайсыз?

– Әрине, жастарды жұмыспен қамту еліміз бойынша өте өзекті мәселе. Осы мезетте біздің орталық екі жылдан бері дайындалған, арнайы сканерленетін QR кодты жүзеге асырдық. Аудан көлемінде

жұмыспен қамту үшін жақсы нәтиже берді деп сеніммен айта аламын және жұмыссыздық оңтайлы шешімін тауып келеді.

– Аймақта NEET санатындағы жастарды анықтап, олармен тығыз байланыс орнату мақсатында ауқымды жоба қолға алынды. Бұл бастама аудан жастарына оң ықпал ете алады ма?

– Жалпы облыста NEET санаттағы жастарды анықтау жұмыстары екі кезең бойынша жүргізілгенін білесіздер. Бірінші кезеңде облыс орталығының мамандары аудан әкімдігіне арнайы барып, салааралық байланысты нығайтуға жұмыс істеді. Одан кейін әрбір үйді аралап, әдрестік жұмыстардың нәтижесінде сауалнама толтыруға күш салынды. Екінші кезеңде сауалнама бойынша орталық мамандары сараптама жүргізіп, NEET санатындағы жастардың көрсеткішін анықтады. Алдағы уақытта аталған санаттағы

дайындауда. Сондықтан NEET санатындағы жастардың санын анықтау үлкен жоба болды десек қателеспейміз. Жыл басынан бері жүргізілген әдрестік жұмыстарға 450-ге жуық адам жұмылдырылып, 98 506 жастың өмірлік деректер қоры жасакталған. Барлық деңгейдегі жастар ресурстық орталықтарының бастамасымен



ұйымдастырылған үй-үйді аралау барысында жастардың әлеуметтік санатын анықтап, сауалнамаға ерікті түрде 87100 жас қамтылды. Қосымша тиісті мемлекеттік мекемелердің ұсынған 11406 жастың тізімі жинақталды. Аталған жоба өз кезегінде аудан жастарына оң ықпалын тигізді. Осы жоба

діктер қарастырылған?

– Ауданға қарасты ауыл жастарына қандай мүмкін-

– Арал жастарының басым бөлігі – білімге құштар, ізденімпаз. Жаңа дүниеге деген қызығушылығы жоғары. Осы арқылы ауданды әлемдік аренаға танытады деген сенімдемін. Адам болған соң көңілге қаяу салатын жағдайлар да болып тұрады. Жастардың құқықбұзушылыққа көптеп баруы бізді қынжылтатынын жасырмаймын.

– Тұлға болып қалыптасу жолында өзіңіз қалай ізденесіз? Кімдерді жиі ойысыз? Қандай жаңа дүниелерге қызығасыз?

– Тұлға болып қалыптасу үшін адам баласы білімді, жан-жақты болуы қажет. Көбіне қазақ жазушыларының шығармасын көп оқуға тырысамын. Атап айтар болсам, Абай атамның 45 қара сөзін оқып қана қоймай, өмірімде де жиі қолданамын. Сонымен қатар шетел әдебиетінен APPLE компаниясының негізін қалаушы Стив Джобстың кітабын жиі парактаймын. Жаңа дүниелерге қызығу менің қанша сіңген қасиет десем артық айтқаным емес. Өйткені жастар үшін пайдалы жобалар жасау – менің ең басты мақсатым.

Гүлдан ЖҰМАДИН

Аймақ жастарының сұранысы негізінде өткізілген фестивальде Қыран Талапбек пен «Қуған Films» ұжымы мобилграфия саласындағы тәжірибемен бөлісіп, саладағы трендтермен таныстырды. Сондай-ақ

және басқа да әлеуметтік желілердегі контенттердің 80-90 пайызы телефон арқылы қаралады. Бұл тұрғыда видеонан смартфонмен түсіріліп, монтаждауы көрерменнің қабылдауына да ыңғайлы болады. Телефонмен түсірілген видеолар кәсіби камерамен түсірілген жұмыстарға қарағанда арзан әрі танымал. Одан бөлек, телефонмен түсірілген қаншама кино бар.

Әрине, Мобилграфия фестиваліне Қыран Талапбектің келетінін естіген жастар байқауға қатысуға, маманның тәжірибесін тыңдауға асықты. Нәтижесінде 70-тен аса қатысушыдан 100-ден аса өтінім түскен екен. Қатысушылардың басым бөлігі Қызылорда қаласынан, Арал, Қармақшы, Жаңақорған, Жалағаш аудандары құралған. Тіпті, Алматы қаласынан келген жастар да бар.

Бүгінде смартфон арқылы креативті контент жасап, қыруар қаржыға кенелу оңай. Қалтафонмен қызықты бейнебаяннан бастап, толықметражды фильм түсіруге де мүмкіндік мол. Тіпті, бұл бағытта технологиялық ілгерілеу күшейіп, арнайы мамандарға сұраныс артқан. Елімізде де жаңа сала дамып келеді. Көпке танымал қазақстандық мобилграф, моушн-дизайнер Қыран Талапбек бастаған мамандар тобы аталған кәсіптің өріс жаюына мүмкіндік жасап, жастардың өзіндік жол табуына жәрдемдесуде.

Осы орай мобилграфтың қатысуымен Қызылорда қаласында «Менің сүйікті қалам» республикалық мобилграфтардың фестивалі ұйымдастырылды.

саны көбейді. Осыдан-ақ мобилграфияға деген сұранстың жыл санап артатынын керуге болады. Оған қоса Apple, Samsung сияқты алпауыт компаниялар телефон өндірісінде 80 процентке дейін камераға басымдық беріп, монтаж жасауға арналған процессорлық және оперативтік күшті ұлғайтуда.

– Адамдар ақпаратты сіңіруге аз уақыт жұмсауға тырысады. Мұнда сапа маңызды. Сапа – заманауи смартфонға және гаджеттерге түсірілген видео және фотоконтент. Оларды басқару бойынша негізгі дағдыларды үйренсеңіз, олар бұл міндетті оңай атқарып шығады. Кәсіби түсірілімнен айырмашылығы, мобилграфия тілмді және өзгеше кадрлармен ерекшеленеді. Мысалы, қандай да бір керемет эффекттермен түсіру үшін смартфонды аударып, бұрышқа орнатып, тіпті айналырып түсіруге болады. Бүгінгі семинар-сабақта жаңа дағдыларды игеріп, тың идеяға қанықтықмыз, – дейді фестиваль қатысушысы Мұхтар Жансейітов.

Фестиваль аясында байқауға қатысушылар ерекше тапсырма алды. Байқау жеңімпазына қойылар шарт – «Менің сүйікті қалам» тақырыбында қала туралы креативті бейнероликтер түсіру. Сайыс барысында үміткерлер қаланың көрікті

жерлері мен мәдени-рухани өмірін бейнеге айналыдырауға талпынды. Бағалау сәтінде қатысушының мобилграфияның түрлі әдіс-тәсілін қолдануы, көрікті локация таңдау қабілеті, композициялық шешімі ескерілген. Мамандар шешіміне сәйкес, I-орынды Нұртай Төреәхмет еншілессе, II-орынды Дархан Әбілқасым иеленді. Ал жүлделі III-орын Темір Ерсултанға бұйырды. Шаһар басшысы Асылбек Шаменов «Қала күні» мерекесі аясында сайыс жеңімпаздарын марапаттап, қаржылай сыйақы табыстады.

Аталған фестивалдің Сыр жастарының дамуына қосқан үлесі зор. Олай дейтініміз, шара барысында көптеген кәсіпкер іздеген мобилграф маманды тапса, жастар тың идея мен жаңа дағдыларды игерді. Сонымен қатар аталған фестивальдің ең үлкен тартуы – мобилграфтар ортасы құруға ықпал етуі. Жастар өзара пікір алмасып, жаңа бағыттың жай-жапсарын, кәсіби әріптестік туралы ой бөлісті. Кездесу соңында мобилграфтардың ортақ тобы құрылды.

Берен ШАҒЫРӨВ

ҚЫРАН ТАЛАПБЕК СЫР ЕЛІНДЕ

фестиваль аясында арнайы байқау ұйымдастырылып, үйренген дағды бойынша бейнеролик түсіру міндеттелді. «Достық үйі» гимаратында өткен шараға қала жастарымен қатар, өзге аймақтан келген қонақтар да қатысты.

– Мобилграфияның болашағы зор. Өйткені, бүгінде көптеген клипмейкерлер, әншілер өздерінің бейнебаяндарын телефонмен түсіріп, телефонмен монтаждайтын болды. YouTube, Instagram, Tik Tok сияқты

Сонымен қатар әйріні Bentley компаниясы 2015 жылдан бастап имидждік роликтерін iPhone телефонмен түсіруді бастаған. Бұл қатарға көптеген әлемдік брендтерді қосаға болады. Яғни, бұл сала әлемде бұрыннан бар. Ал бізге енгеніне көп уақыт болған жоқ, – дейді Қыран Талапбек.

Жастардың мобилграфияға ұмтылуының сыры да жоқ емес секілді. Байқасақ, қазіргі таңда кәсіби камерамен түсірілген бейне мен смартфонмен түсірілген бейненің айырмасы шамалы. Оның үстіне смартфон үнемі қалтада болатындықтан, онымен бейне түсіру қолжетімді әрі жылдам. Әрине, телефон кәсіби камераға жетпейді, оны алмастыра алмайды. Өйткені кәсіби камералардың арнайы баптаулары бар. Дегенмен бүгінде кәсіби видеоредактордың өздері де табыс көз көбірек екеніне көз жеткізген соң мобилграфияға ойысуда. Арнайы курс саны артып, маман даярлау мектептерінің



Саяхатқа қолайлы елді таңдау – жарты жеңіс. Себебі, қонақ болар елдің жай-жапсарын толық зерттеу уақытты тиімді өткізуге, қаржыны үнемдеуге таптырмас мүмкіндік сыйлайды. Көзгер кедергі мен келенсіздіктерді алдын ала болжап, сапарластарыңыздың алдында тәжірибелі жиханкөз болып көрінуге де жол ашады. Бұл қағида қазақстандықтар арасында танымал демалыс таңдауы болған Түркия еліне де қатысты.

Расында, ел азаматтарының таңдауы Түркияға түсетіні жасырын емес. Оған екі елдің мәдени-рухани, тілдік туыстығы себеп болса керек. Оған қоса нарық бағасының қолжетімділігі де түрік ағайынның ұтымды тұсы болып тұр. Әрине жағалаудың жанында орналасқан бес жұлдызды VIP қонақ үйлердегі баға саясатына қатысты әңгіме бөлек. Айтпағымыз, саяхатшыларға тиімді арзан турды ұйымдастыру амалы.

Саяхат басалдағы – виза. Бұл орайда Түркияның талабы жеңіл. Егер сіздің Түркиядағы демалыс уақытыңыз бір айдан аспаса, виза жасамаңыз болады. Бару үшін тек шетелдік төлқұжат қажет. Шықпас бұрын төлқұжатыңыздың жарамдылық мерзімін тексерген жөн. Егер кәмелет жасқа толмаған балалармен баратын болсаңыз, ата-ананыңң паспорттың баланың 3x4 суретін жабыстыру маңызды. Оны өзіңіз тұратын ауданның, қаланың миграциялық полиция бөлімінде жасауға болады. Сонымен қатар бала ата-ананың біреуімен ғана баратын болса, екінші ата-ана өз келісімімен сенімхат арқылы көрсету керек. Ал, егер бала басқа адаммен шығатын болса, баланың шетелдік құжаты немесе нотариус арқылы тіркелген сенімхат болуы шарт. Осылайша, саяхаттау визасы аса көп дайындықты талап етпейді.

Түрік жерінде тынығуға ең қолайлы мезгіл — мамыр-қазан айлары. Келушілер саны змәдәдән тыс асатын шақ — шілде. Бұл ай елдегі ең ыстық әрі адам аяғы көп болатын уақыт. Осы уақытта ауа райы шуақты, табиғат жайлы болмақ. Қазанның соңынан сәуірдің ортасына дейін елде туристер азырақ болады. Есесіне, дәл осы айларда Түркияға турпакетті ең төменгі бағамен сатып алуға мүмкіндік бар. Миллиондаған қаржы шығындамай-ақ, саяхатқа шығамын деген жанға таптырмас амал екені анық. Оның үстіне күз айларында туристер саябырлалатындықтан отбасыңызбен өмің-әркін демалуға жол ашылады. Демек, қыркүйек-қазан айлары саяхат соңы емес деген сөз.

ДЕМАЛЫС ОРНЫН ҚАЛАЙ ТАҢДАУ КЕРЕК?

Түтас елдің бедерін тануға, тұрғындардың мінез-құлқын бағамдауға бір сапардың аздық етері анық. Алайда демалыс өткізетін қаланы сәтті таңдау осы ерекшелікке қол жеткізуге ықпал етеді. Себебі әрбір қала жағажайда демалу, шығар асханасынан дәм тәтуден бөлек, тарихи-мәдени нысандардың тылсымын бүгін жатыр. Сондықтан қала таңдау ең маңызды қадам болмақ. Асы осы орайда «Демалыс орнын қалай таңдау керек?» деген сауалға «Sati-Sapar

Tour & Travel» туристік агенттігінің иесі Жансұлу Жарылғапова былайша жауап берген екен: «Түркиядағы барлық жағалаулық курорттар ішінде ең танымалы – Анталия. Ол өзінің сәулетті қонақүйі, спорт кешені, сауық үй және сәнді бутиктерімен бағалы. Мұнда келушілер үшін ерекше көрікті орындарды аралап шығуға мүмкіндік беретін экскурсия ұйымдастырылады. Анталиядан 40 шақырым қашықтықта Белек шипажайы орналасқан. Мұнда да түрлі елден келген туристер тоғысады. Үлкен аумақты

жылы суға шомылуды жөн көретіндіктен, көпшілігі Анталиядағы демалыс орындарын таңдайды. Тиісінше, туристік нысандар да оңтүстікте көп салынады. Сондықтан Түркиядағы Қара теңіз жағалауында қазіргі уақытта сапалы курорттық қонақ үйлер жоқтың қасы. Туристер де аз барады», – дейді Анар Елжан.

ЫСТАНБҰЛ: ШЫҒЫН ДА ЖЕТЕРЛІК

Әрине, Түркияға табан тиіп тұрып, Ыстамбұлды көрмей кету мүмкін емес. Оның үстіне қай қалаға барсаңыз да сапар Ыстанбұл әуежайынан басталатыны тағы бар. Сондықтан жиханкөздердің кеңесі мен естелігін осы қаладан бастаған жөн секілді. Қазактүлді блогерлердің арасында Ыстамбұлға көп сапарланғандардың бірі – Өркен Кенжебек. Блогер, әсіресе, Ыстанбұлдың тарихи-мәдени ерекшелігін

қатынасы ерекшелетіні белгілі. Қалада метро, автобус, фуникулер, паром, миниватбус, мрамарис, допмыш деген түрлі-түрлі қозғалыс құралдары бар. Барлық көлік құралдарына IstanbulCard деген пластик картасы қолданылады. Картаның құны 10 лира, біздің ақшамен 700 теңге болады. Аталасна картаға 100-150 лира шамасында шығын кетеді екен. Егер Стамбұлға бір айға келсеңіз, айлық картаны сатып алу тиімді. Оның құны 180 лира. Картаны Үскідар, Таксим, Еминиюну деген сияқты

бірінеше адам болып барып, бір оператордан симкарта сатып алатын болсаңыздар белгілі бір деңгейде жеңілдік жасайды. Жаңа симкарда, әдетте, SMS, минут және мобильді интернет гигабайтының негізгі жиынтығы болады (біздегідей). Оларды алғашқы 30 күн пайдаланасыз. Содан кейін өзіңізге қолайлы қызмет пакетін сатып алу қажет. Ал егер Түркияда тұратын болсаңыз, сол туралы анықтаманы қолыңызға қалай аласыз, ұялы байланыс операторына нөміріңіз туралы сол сәтте бірден хабардар етуіңіз қажет. Олай



ТҮРКИЯ: ШЫҒЫС ШАМДАРЫ

алып жатқан кең жағажайдағы жайлы, көк желекке оранған қонақүйлердің көпшілігі 5 жұлдызды. Ал, Анталиядағы табиғаты көз арбайтын Кемер курорты жастар мен гашықтарды магнитше тартады. Курорт ұлттық парк аумағында орналасқан. Жалпы, мұнда келушілер – көбіне жастар. Алғашқы элиталық қонақүйдегі дәулеті мен сәулеті келіскен демалысқа емес, драйв және естен кетпес оқиғалар сыйлайтын сауық-сайранға шақырады, – дейді маман. Байланымыз, туристік агенттіктер тұтынушыға бірнеше бағыт пен шипажайды ұсынады екен. Адамның жеке қызығушылығын, сапар мақсаты ескеріліп, арнайы тур кестесін жасауға

мүмкіндік мол. Бастысы, бағасы арзан. Жақында жиханкөз блогер Анар Елжан өзінің бейне-жазбасында шетелде демалу Қазақстанға қарағанда анағұрлым арзан болатынын айтып, қалта көтерерлік сапардың санатына Түркияны да қосқан еді. Айтуынша, Түркияға 6 күнге демалу – 330 мың теңге. Оған барыл-келу жолы, яғни ұшақ билеті де кіреді. Төрт мезгіл тамақ, трансфер, медициналық сақтандыру және тарихи жерлерді аралай аласыз. Бастысы, Түркияның қай қаласына баратыныңызды шешіп алуыңыз қажет көрінеді. Ең танымал 9 демалыс орны – Каппадокия, Стамбұл, Ван көлі, Арарат тауы, Олюдениз (Өлі Теңіз), Ликия жолы, Памуккале, Капуташ жағажайы, Солтүстік Анатolia тауы.

«Мұнда келген туристердің өбі елдің оңтүстік бөлігінде демалуды қалайды. Оның себебі де жоқ емес. Мысалы, Қара теңіз жағалауы суық климатқа тән, яғни елдің солтүстік бөлігінде орналасқан. Осыған байланысты мұнда жағажай демалысының науданы бар болғаны маусымнан қыркүйектің басына дейін ғана созылады. Ал, Анталияда шомылу маусымы мамыр айының басынан қазан айының соңына дейін жалғасады. Тіпті қыста да Жерорта теңізінің температурасы +15 °C-тан төмендемейді, ал жазда ол +28-29 °C деңгейінде сақталады. Ал, туристер

ерекше суреттеп, туристердің қызығушылығын оятады. Қалаға қанша сапарласа да күмбезді мешіттер сәулеті мен мәрмәр теңізіннің көркі Өркенді таңқалдырмай қоймайды. Ол кезекті сапарында қала ерекшелігін мен қажетті кеңес тұрасында оқырмандарымен ой бөліскен еді.

«Мәған демалыспен қатар мәдени-ақпарат алған ұяйды. Сол үшін Бодрум, Ыстанбұлға сапарлауды ұсынар едім. Бұл маңның ерекшелігі – уақыт демі сезіледі. Бұл қалалардың өзге демалыс аймақтардан ерекшелігі де осында. Ыстанбұл – елдің туристік орталығы. Дәл осы қаланы аралай жүріп, ежелгі дәуірлерге саяхат жасағанды күй кешуге болады. Заманында Византияның астанасы болған шаһарда көне ғимараттар көп. Елдегі ең кең таралған қатынас көлігі – автобус. Алайда, олар көбіне лық толы. Жол жүрудің жайлы болғанын қаласаңыз, такси қызметіне жүгініңіз. Алайда, 24:00 мен 06:00 аралығындағы түнгі уақытта тарифтің екі еселенетіні есіңізде болсын. Күндіз допмұш деп аталатын бағыттың таксилер қатынайды. Соңғы кеңес, ауылдық не таулы аймақтарда жергілікті халықты суретке түсіру үшін алдымен өздерінен рұқсат сұраңыз. Өйткені, түрік азаматтары арасында адамдар мен жан-жануарлар бейнесін қараға түсіруді құп көрмейтіндер жетерлік, – дейді Өркен Кенжебек.

Расында, шығын жетерлік. Мәселен, Ыстамбұлға екі бағытта AirAstana әуе компаниясының билеттері 100 000 теңге шамасында. Сәл арзандау қажет десеңіз, украиналық әуе компаниялары 85 000 теңге көлемінде Киев арқылы транзитпен ұшуды ұсынады. Қазіргідей алапат соғыс жағдайы соңғы нұсқаны таңдаудан шығарғанын ескерсе, ұшақ билетінің аз ақша емесін көреміз. Осы орайда Түркияның табыс көзінің бірі туристер болғандықтан, түрік пирасымен қатар еуро, доллардан шөй немесе кофені 30 центтен 2 долларға дейін тапсырыс беруге болады. Ал етті 5 доллар, нанды 1 доллар шамасында. Дегенмен, бұл баға нақты көрсеткіш емес. Бүгінгі Түркия қаржылық дағдарысты бастан кешіріп жатыр. Сондықтан ондағы нарық бағасының сан құбылуы қалыпты құбылыс екенін қабылдай біліңіз.

Ендігі кезек көлік қатынасына кететін шығындарда. Стамбұлда көлік

үлкен аялдамалардан сатып алуға болады. Сатып алу үшін өзіңізбен төлқұжат және 3x4 сурет болу маңызды.

Ал көрікті жерлерге немесе мұражайға барып үнемдегіңіз келсе, Museum Pass Card картасын сатып алу таптырмас шешім. Әр мұражайға кіру шамамен 30 лира болса, картаның құны 85 лира. Карта Ая София, Топкапы палас, Археологиялық мұражай, Ғылым тарихы және Ислам Технологиясы мұражайы, Жұлдыз сарайы және тағы басқа тарихи рухани орталықтарға кіру құнын толық қамтымай, белгілі бір жеңілдіктер береді. Мысалы, Галата Тауер деген Стамбұлға көрініс ашатын мұнарасына кіру билет құнына 30% жеңілдік бере алады.

Ал баспамен байланыс құралы жайында ұстаным еркілігі бірі Түркияда, әсіресе, Ыстанбұлда баспаға жалдау арзан десе, енді бірі көпке түсетінізді меңзейді. Бұл орайда Анар Елжанның тәжірибесі туристерге көмек берері анық. Ол алаяқтарға алданбау үшін бәрін мұқият тексеруге кеңес береді:

«Барлық адамды үй мәселесі алаңдататыны анық. Қарапайым қонақ үйге күніне 10 доллар төлеп тұруға болады. Егер бұдан арзандау үй тіпті теңі керек десеңіз, couchsurfing немесе airbnb қосымшаларының көмегімен арзан, кейде тегін тұрғын үй таба аласыз. Қосымша арқылы баратын отбасыңыз туралы толық ақпарат алып, скюре арқылы сөйлесуге мүмкіндік бар. Қауіпсіз әрі сенімді жолдардың бірі екеніне күмәнданбасаңыз болады.

Ал байланыс құралына келер болсақ, пікір әртүрлі. 3 негізгі ұялы байланыс операторы жұмыс істейді: Олар TURKCELL, TURK TELEKOM, VODAFON. Оларды туристер мен мұнда тұрақты қалатындарға немесе уақытша тұратындарға арналған деп бөлуге болады. Егер турист болып 90 күнге дейін демалысқа келсеңіз, онда симкартаны өзіңіздің шетелдік төлқұжатыңызды көрсету арқылы, көптеген ұялы операторлардың кеңселерінен оңай сатып ала аласыз. Түркияда симкарта құны орташа 150-170 лира (8100-9180 теңге). Егер де

болмаған жағдайда оператор симкартаңызды ол іске қосылған күннен бастап, 90 күннен кейін өшіріп тастайды», – дейді саяхатшы.

КЕҢЕС АРТЫҚ ЕТПЕЙДІ

Әрине, шетелде саяхаттау арзанға түспесі анық. Алайда керек мәліметті білу орынсыз шығынмен сақтап, тіпті алаяққа алдандандан сақтауы ықтимал. Сондықтан сөз соңында Түркияға сапарлаған туристердің тәжірибесі мен қатар құнды кеңесін оқырман назарын ұсынуы жөн көрдік.

Алдымен жергілікті гидтердің 2,5 сағаттық Стамбұл турынан қапы қалмаңыз. Оған ертерек жазылу керек. Ертерек іздесеңіз, түр бағдарламасына кіретін орындардың тізімін табу қиын емес. Бұл орайда Museum Pass Istanbul картасын естен шығармаған абзал. Ол қаладағы көптеген мұражайға тегін кіру құқығын береді. Сақтық та артық етпесі анық. Әсіресе, туристер Түрік республикасының негізін қалаушы – Ататүрікті жеке тұлға ретінде сыңа алуға болмайтынын есте сақтау керек. Көбашысының жеке басын қорлағаны үшін түрмеге түсу қаупі жоғары. Сондай-ақ, қала паранджа киген түрік әйелдерін фотоға түсіруге болмайды. Алкогольді ішімдіктерді тек арнайы орындарда ішуге рұқсат етіледі. Әйтпесе сізге айыппұл салыну мүмкін.

Бұрын естіген боларсыз, Ыстанбұлда ағын су хлорланған, сондықтан туристер оны ішуге кеңес бермейді. Бұл жағдайдан шығудың екі жолы бар. Бірі – бетпелекеді суды сатып алу. Екінші амал – ауыз су бұрқақтарын пайдалану. Аяқ киім тазартқыштардан абай болыңыз. Бұл Стамбұлдың «құлығы». Олар тазалағыш шетқалпын «байқаусызда» жерге түсіріп, сіз назар аударған кезде өз қызметтерін ұсынады. Осындайды көрсеніз, көмектесе көрмесіз. Олар сіздің қалауыңызды ескермей, аяқ киіміңізді тазалап береді. Сол қызметі үшін қымбат сома талап ететініне дайын болыңыз.

Берен ШАҒЫРОВ



ЖАҢА ӨМІРГЕ ҚАДАМ



Ұлт болашағы мен мемлекет тұғырында отбасы – ең басты құндылық. Сондықтан мемлекет отбасы институтын қолдап, осы салада кешенді саясат жүргізуді жүйелі жалғал келеді. Қыркүйектің екінші жексенбісінің мереке ретінде белгіленуі соның айғағы. Осыған орай облыстық «Жастар ресурстық орталығы» өкі жастың қуанышын айшықтап, неке құю рәсімін өткізді.

Шараға қалалық АХАЖ бөлімінің маманы Ж.Сүгірбаева және «Мүсірәлі ата» мешітінің наиб имамы Ғ.Жанболатұлы қатысып, ізгі тілектерін білдірді.

Жас жұбайлар – Жақсылық Нұрсұлтан мен Тұрсынхан Қасиетке, Ерлан Ерсултан мен Назерке Ыстықатқа заңды түрде неке куәлігі табысталып, ер жұпқа орталық тарапынан естелік сыйлықтар табысталды. Шара соны жас жұбайлардың балысымен аяқталды.

– Парасат-пайымы әр сөзінен көрінген балалар «Отан – отбасынан басталады» дейді. Адам баласына алыста жүрсе де, жүрегінде бірге өмір сүретін қазынасы – отбасы болса, ер азаматтың еңсе тіктеп, болашағын жоспарлайтын, әйелдің ырысты есептеп, ынтымағын қамтамасыз ететін, бағалардың береке мен мерекеге толтыратын мекені – шаңырақ. Жас жұбайларды мерейлі мерекемен туспа тұс келген ерекше күнмен, шаңырақ көтеруімен құттықтаймыз! Әрбір қазақстандық отбасының өркендеуімен Қазақстанымыз, Отанымыз нығая берсін деген тілек білдіреміз, – дейді орталық мамандары.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖАЛҒАСАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауы еліміздің барлық өңірінде қызу талқыланып жатыр. Әр аймақтағы сала жетекшілері Президент жүттеген міндеттерді атап өтіп, даму динамикасына шолу жасауда. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаева да ауқымды сала бойынша Президент жолдауына үн қосты.

Қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі – жұмыссыздық. Жастар арасындағы бұл проблеманы шешу күн тәртібінен түспесе де, әлі де жұмысты күшейту қажеттілігі бар. Кешегі жолдауда да осыған маңыз берілді. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасты жұмыспен қамту міндеті тұр.

– Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Аймақта тиісті шаралар қолға алынған. Бұған дейін жұмыссыздық мәселесін шешу бағытында 51 бос жұмыс орны жәрмеңкесі өткізілді. Келер жылы 6 мыңға жуық жас жұмыспен қамтылатын болады. 3 мыңға жуық жасты ұлттық жобаларға, бос жұмыс орындарына орналастырып, 3 мыңға жуығы жұмыспен қамтудың белсенді шараларына бағытталды, – деді Жанар Жұмабекқызы.

Сондай-ақ брифингте бизнес идеяларға мемлекеттік грант беру жайы шет қылды. Быыл оның көлемі ұлғайтылған. Грантты тарату электронды түрде жүргізіледі. Бұл жұмыстар қыркүйек айының соңына дейін жалғаспақ.

ҒАСЫР ҚОЙНАУЫНДАҒЫ ҚҰНДЫ ДЕРЕКТЕР

2014 жылдан бастап Қазалы ауданы Жанкент ауы-



лы маңындағы кене қалашықты зерттеу қолға алынды. Ескі қалашықты зерттеу Қорық ата атындағы Қызылорда университетінің жанындағы «Археология және этнография» ғылыми орталығы, археолог, т.ғ.к. Әзілхан Жекеевтің бастамасымен жүргізілуде.

Қаза жұмыстары барысында кене ғасырлық тұрғын үйлердің орналасуы, қыш құмыра, сүйектен, қыштан дайындалған бұйымдар, тиындар, моншақтар, алтын жапсырмалар, керамикалық ыдыстар, глазурыленген қыш қаптамалар табылды. Жанкент қалашығында зерттеумен қатар Оғыз дәуірінің салт дәстүрінен хабар беретін, тарихи мүсіндер қойылып, туристер үшін қалашық ішіндегі тұрғын үйдің ежелгі қалпын көруге мүмкіндік жасалды. Бұған дейінгі мәліметте қала IX-XI ғасырларда бой көтерді десе, жаңа зерттеулерде қаланың іргетасы VII ғасырда қаланған деген мәлімет бар, – дейді Әзілхан Өуезханұлы.

Айта кетейік, жобаны жүргізу мақсатында археология ғылымдарының докторы, профессор Генрих Харке, тарих ғылымдарының кандидаты Ирина Аржанцева және де Мәскеу мемлекеттік университеті мен Қорқыт ата атындағы университет студенттері, 35 ғалым қатысып жатыр.


Досжан ТАЛҒАТОВ

Келесі жылы 18-29 жас аралығындағы жас қаламгерлерге Президенттің арнайы әдеби сыйлығы берілімек.

«Елімізде жас қаламгерлер легін қалыптастырып, оларға тиісті қолдау білдіру, әлемдік деңгейдегі тақырыптарға қалам тербеуіне мүмкіндік

«Драматургия», «Балалар әдебиеті» номинациялары бойынша бұрын жарияланбаған шығармалары үшін табысталады», – деді Мәдениет және спорт министрлігі Архив және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Қуат Бораш Орталық коммуникациялар қызметінде. Спикердің айтуынша, әр

ұйымдастырылады», – деді Қ. Бораш. Одан бөлек, Қуат Бораш әдебиетті қолдау саласындағы жобалар туралы баяндады.



өкелінен 14 мыңнан астам кітаптың 70 пайызы сатылған.

Сондай-ақ, министрлік осы жылдың 23-25 қарашасында «Ұлы Жібек жолымен» Х Халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесін өткізуді жоспарлап отыр, – деді Қ. Бораш.

Еске сала кетейік, байқауға шығармалар әлі де қабылдауға жатыр. Өтінімді aiboz.kz кітап-palatasy.kz электронды мекен жайына 2022 жылғы 1 қазанға дейін жіберуге болады.

Байқаудың толық ережесі мен тұжырымдамасы <http://kitap-palatasy.kz> сайтында жазылған.

ПРЕЗИДЕНТ СЫЙЛЫҒЫ ЖАРИЯЛАНАДЫ

номинация жеңімпазына 4 млн теңге жүлде беріледі. «Президенттің арнайы әдеби сыйлығы өкі жылда бір рет өткізіледі. Оның «Абай» атындағы мемлекеттік сыйлықпен қатар өтпелі үшін кезектесіп

тұғыз мақсатында 2023 жылдан бастап қазақстандық жас жазушылар мен ақындар үшін Президенттің арнайы әдеби сыйлығы тағайындалады. Сыйлық 18-29 жас аралығындағы жас қаламгерлерге «Проза», «Поэзия»,

БАҒА ТҰРАҚТАЛЫП КЕЛЕДІ

Қазір Қызылорда облысында 125 жанар-жағармай бекеті жұмыс істейді. Оның ішінде 37 кәсіпкерлік субъектісі, 12 мұнай базасы бар. Сондай-ақ ірі май құю бекеттері 30 пайызды құраса, қалған 70 пайызы жергілікті опера-торлардың еншісінде. Өңірде жұмыс жасайтын ірі көлемдегі бөлшек сауда жеткізушілеріне (ТОО «Sinooli», ТОО «Petro Retail», ТОО «Helios») тиесілі 40 бекеттерінің негізгі бөлігі Қызылорда қаласында және Батыс Еуропа – Батыс Қытай автома-гистралінде орналасқан. Бұл туралы өңірлік комму-никациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.

– Жергілікті кәсіпкерлердің жанар май сату бекеттерінде дизель отынын жетіспеушілігіне байланысты қажеттілікті қамтамасыз ету үшін Энергетика министрлігі және мұнай

өңдеу зауыттарымен тығыз байланыста жұмыс қолға алынды. Жыл аяғына дейін жанар-жағар майдың қажетті көлемі нақтыланып қажеттіліктерді уақытылы қамтамасыз ету жұмыстары жасалуда. Айта кету керек, дизель отыны бойынша жетіспеушіліктің басты себебі – ресурс ұстаушы ТОО «PetroSun» тарапынан жағдайларға бағамен дизель отынын босату кезінде жергілікті операторлардың сұранысы толық емес көлемде өтелуі болып отыр. Ресурс ұстаушы дизель отынын кәсіпкерге тиесілі жанар май құю бекеттерінің саны бойынша бөлетіндігі белгілі. Сол себепті аудандарда, шалғай елді мекендерде мұнай өнімдерімен қамтамасыз ететін жергілікті кәсіпкерлер жанар май құю бекеттерінің жалпы саны аз болғандықтан дизель отыны қорынан

тысқары қалып келеді. Дизель отыны жетіспеушілігі салдарынан облыста 27 жанар-жағармай құю бекетінде қор таусылып тұр. Қалған бекеттерде шектеулі мөлшермен қолма қол ақшаға немесе талонға босатылуда. Қазіргі уақытта Үкімет тарапынан қабылданған жедел шаралардың нәтижесінде жағдай тұрақталып келеді. Тамыз айынан бері облыста 9183 тонна дизель отыны жеткізілген, – дейді облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Фердоуси Әбілқасымұлы.

Облыстық энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Ералыұлының айтуынша, об-

Өткен айдан бастап Энергетика министрлігінің бұйрығымен жанар-жағармайға шекті баға белгілеудің жаңа тәртібі енгізілді. Енді жүргізуші куәлігі бар азаматтар жеңіл автокөлікке тәулігіне 100 литр, жүк көліктері мен автобустарға 300 литрге дейінгі көлемде жанармайды 230 теңгеден ала алады.

лыс-та сұйыл-тылған мұнай газын электрон-дық сауда аландарынан тыс жеткізуге арналған жоспарға сәйкес 7 351 тонна сұйылтылған мұнай газ бөлінген. Қазіргі таңда барлық шектеулер алынып, ҚР бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің бұйрығына сәйкес өңірде сұйылтылған мұнай газ бағасы 60 теңгеден сатылымда.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



ҚОҒАМ

Айналада талай қызық
жандар бар,
Қатарың бар, кішілер мен
қарттар бар.
Барлығыда жақын адам
сөкілді,
Бірақ мұнда сіз білмейтін
жалған бар.

Іні, сіңілі қатарындай
ойнайды,
Дерекі боп, «Сен!» – деп
сөйлеп қоймайды.
Қамқорлықты достық деп, ол
санайды-ау?

Міне, соған менің қаным қайнайды.
Ал қатарлас менсінбей саған қарайды,
Кішкентай деп қарауды жөн санайды.
Менің өкпем жанып жатыр от болып,
Себебі, менде үйреткенімн талайды.

Көзден жасым аға береді ерікісі,
Жөні бар ғой, емес қой жас
себепсіз.

Өркім өзі қатарымен жүргенде,
Мен жүремің жетімдей бір серікісіз.

Ал қарт деген ағалар ғой денелі,
Айтады олар бәрін жақсы көреді.
Деген менен ойда алып сұрақ бар,
Неге бізді бәліп-жара береді?

Елемейді пікіріңді орынсыз,
Содан кейін қаласың сен сенімсіз.
Енді айтшы, өз ойыңды оқырман,
Қалайша мән өмір сүрем бұл мұңсыз?

Өмір деген қатал өзі, неге екенін білмеймін,
Зандары бар көптеген, ал мен оған қанбеймін.
Дәлелдеймін бәріне, кім екенімн шынында
Мақсатыма жетемде, Юның ойын жөндеймін.

ЖЫРЛАРЫҢ ҰРПАҚА АМАНАТ

Ақындардың арасынан сүйіп оқимын өзіңді,
«Аманаттай» кітабыңды, әрбір жазған сөзіңді.
Уақытпенен күндер жылжып, біраз талай жыл
өтті,
Мәні өлеңнің өзгермепті қуантатын өзімді.

Сөздеріңмен көздер түгіл, жүректерді
алытсың,
Өнер – теңіз болса егер, сен сондағы
балықсың.

Біздерге бір қалдырайын мұра деген ойменен,
Сол бір алтын қаламыңды сияға сен
малыпсың.

Сол өзегіге сен ойыңнан аққуларды салдың-ау,
От ақудың өмірін сен, өз қолыңа алдың-ау.
Бұл өмірден шаршадың ба, жалықтың ба
білмедім,
«Ұйықтамайын», – деп ақуды өзің ұйықтап
қалдың-ау!..

Бәлкім... әлгі дәрігер імкек бермей кетті ме?,
«...Туласын...» – деп сұрап едің қалауыңды етті
ме?

«Шыда, шыда...» деп едің ғой, өз сөзіңде
тұрмадың,
Өзің жазған сөздерің, өз түбіңе жетті ме?...

Томирис АХМЕТОВА,
Қызылорда қаласы
С.Сейфуллин атындағы №4 IT мектеп-
лицейінің оқушысы

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ

Сәби боп сөйлеп, бесікте жатып булқыным,
Қазақ боп туып, намыспен тулап сілкінім.
Мақтаны сенсің, қалың ел, қазақ жұртымын,
Өзіңсің тілім – тірегі қайсар ұлтымын.

Арманмен жастар болашаққа беттейді,
Шекара асып, жыраққа алыс кет мейлі.
Қазақтың жыры, қазақтың тілі – ең бай тіл,
Ана тіліме ешқандай тіл жетпейді.

Елменен жерге арнайын бүгін жыр кенін,
Егемен еліміз сыйлаған жасын-үлкенін.
Рухани тілім, рухани жырым болмаса
Қастерлі тілдің қасиетін білген кім?!

Армамын бар ма, рухани жаным бай болса,
«Мен – қазақтың» деген атқа сай болса?!
Тілімнің таза, тұнығын бір сәт қайтарсам,
«Қазақтың» деген бір ауыз сөзді айталсам.

Тілім барда алапат күш дүлеймін,
Еліме арнап, жүрегіме жыр үйдім.
Ұлтымын ғажай, көркем тіліне,
Ешбір қауіп төнбесін деп тілеймін.

Қазақ болып туылады
нәсіп еттің,
Жаратушым, қасіретті қашық
еткім!
Ана тілім жер тұрғанша тұра
берсін,
Туғанша адамзатқа ақырет күн!

Жанұзақ СЕРІКОВ,
№82 Қаратөрен орта
мектебінің оқушысы

МАХАББАТҚА ЖАУАПСЫЗ ЖАН

Мен
өмірімнің
7 жылын
махаббатсыз
өткіздім. Жок, ата-
анамның махаббаты болды,
әріне. Бірақ ғашықтық махаббат
болған жоқ. Сосын мені үйдегілер
мектепке апарды. Міне, осы кезден
бастап махаббат деген басталды.
Ал балабақшадағы Анастасияға
жай сөзім ғана болған. Қысқасы, бұл
әңгіме алғашқы «бала махаббат»
туралы.

2007 жыл. Алғаш анамның
қолынан мықтап қысып тұрып
алғашқы қонырауға бардым. Таңнан
көшке дейін балабақшада болғанға
үйреніп қалған бұл жер маған таңсық
еді. Жарты сағатқа созылған, өн мен
би болған концерттен кейін класқа
жиналды. Қолда гүл, үстінде ала
костюм. Сол жылдары бірінші сыныпта
барлығы сол ала форманы киюші еді ғой
өйтеуір. Тәрбие сағаты деген бірдене
басталды. Бізді тәртіпке салатын шығар
деп ойладым. Келе-сала ұрыспайтын
шығар деп ішкі қорқынышты сөйләттім
сосын. Бірақ ондай емес екен... Концерттің
жалғасы екен ғой. Әлі «өзіміз отырып
шай ішейік» сияқты. Сол мектепте
нулевой оқығандар бар екен, мұғалім
деген аты бар алай соларды
атымен атап шақырып жатыр.
Мектепке емес құдды тығылып
психологқа жиналғандар сияқты.
Барлығы шығып өсімін, жасы мен
болашақта кім болатынын айтып
жатыр. Кезек маған келді. Атым
мен жасымыз, сосын бала кездегі
банаһый «ғарышкер болам»
деген арманымыз айттым. Қызық
кейін басталды.

Тақтаға тақыл-тақыл еткен
кішкентай бойлы, шашы ұзын,
күлімсіреген қыз шықты. Ол
да өсімін айтып, биші болғысы
келетінін айтты. (Екеуіміздің де
арманымыз орындалмады-ау.
Мен болашақ журналист, ол қазір
ләшмейкер ма бірдене...) А
қызық... Ана қыздан көзімді ала
алмай отырмын. Есімін ішімнен
қайта-қайта айтып отырып.

Үйдің үлкендері түнде
қыздары туралы айтатын.
Әдемі, күлгені күшті,
маған привет деді
деген әңгімелерді
енді түсіне
бастаған

сияқтымын. Иә, шынымен мен ғашық
болып қалдым. Бала махаббат демесеңіз,
алғаш 7 жасымда ғашық болыппын. Сол
уақыттан бастап Асхан біраз өзгерді.
Алғашында мектепке анам апаратын.
Байқасам, әлгі қыз достарымен өзі
келеді екен. Сол күннен бастап мен де
үйдегілерге қарсылығымды білдіріп,
мектепке ағаларыммен, қайтарда жалғыз
келетін болдым. «Маладес, сен енді үлкен
жігітсің» деген лапшаларды іліп-іліп әке-
шешем руқасттарын берді. Бермегенде
ше? Шешем мені үйреніп кеткенше шолға
апарамын деп бір-екі апта демалыс алған.
Енді жұмысына қайта шығатын болды.
Мен де артылған жауапкершілікті сезініп,
барып-келіп жүрдім. Бірақ бір білгенім, ол
қыз мектептен 3 минуттық жерде тұрады
екен. Ал менің үйім ай далада... Өзімше
сол қызға көрінем деп үйге өзім барып
жүргенде маршрутқа ұйықтап қалып,
қаланың орталығынан бір-ақ шыққаным
бірде. Содан кейін тек үйде ұйықтайтын
болдым.

Жалпы ол қыз үшін көп өзгердім.
Ойыншық ойнауды азайтып, үйдегі
экономикаға оң үлесімді қостым.
Коридорда сыныптастарым сияқты
қуыспақ ойнамадым. Оның орнына әр
сабаққа жақсы дайындалып, 5-ке оқу үшін
барлығын жасадым. Себебі ол да беске
оқитын. Ал біздің сыныпта беске оқитын
ұлдардан жалғыз мен ғана едім. Бұл да
маған шамалы плюс еді. 2-3 сыныпта
жарыстарға қатысып, орындар алдым.
Ондағысы да сол қыз үшін еді. Біздің
сыныпта жүзде алған оқушыны әр оқушы
турып, құттықтап, жылы лебізін білдіретін
сөз айтатын. Міне, сондай кездерде мен
одан жақсы сөздер естимін.

Мен ол үшін кейде жақсылықтан да
бас тартатыным. Мұғалім минутына
сөз оқу бойынша жарыстыратын. Оның
пәмиясы менен бұрын болған соң бірінші
оқитын. Кейін ол оқыған жерді жаттап
қалып, сол жерге дейін жеткізбейтімін.
Шынына келгенде одан да озып кететінім
анық. Өйтпесе сөйлегенде аузы-аузы
жұқпайтын маған минутына 250 сөз аз
еді. Бұған дәлел де бар. Ол ауырып
қалғанда немесе мен оған ренжіген кезде
300 сөзден бір шығаратын едім. Сонымен
не керек, бастауышта сол қызға басым
«келіп жүрді». Бузықтардан қорғап, дене
шынықтыруда дүртбоп ойнағанда өтірік
оған алдандатыным. Анкета толтырағанда
да «Кімді жақсы көресің?» деген сұраққа М
деп атын ғана жазамын. Содан да болар,
сыныптың бәрі, тіпті ол да оны жақсы

көретінімді
білуші еді. Енді
ше? Сыныпта
ол қыздан
басқа ешкімнің
аты М-дан

басталмайтын
еді ғой. Бірақ
мен осымен оқыған 4
жылдың біреуінде де оған
ештене ашып айтқан жоқпын.
5-сыныпта айтамын, ол кезде
үлкен сынып боламыз деп
жүргенде аяқ астынан басқа
мектепке көштім де кеттім...

... 11-сынып. ҰБТ. Ауданға
қарасты барлық мектептің
түлектері біздің мектепке жиналды.
Абдырап, аяқ-қолым дірілдеп
тұрғанда алыстан бір таныс бейне
байқалады. Бұрын көрмесем де
инстаграм, вконтактеден суретіне лайк
басатыным. Міне, содан болар бірден
байқадым. Өзімнің бала махаббатым,
алғашқы махаббатым. Ойымнан сол
кездеде бір өткізіп алдым да барып
амандасайын деп шештім. Сосын қалай
жақсы көргенімді де айта салу ойда бар
еді.

Жанына жетіп барып «Привет,
қалайсың?» деп өзімше амандасып
жатсам қарабет қылып «Ты кіто?»
дегендей. Кейін ойланып тұрып таныды-
ау өйтеуір. Енді әңгіме айтамын деп
жатсам ішкі қірғу басталып кетті.
Жарайды, кейін айтармын...

Тағы да уақыт өтті. ҰБТ-дан ұзынынан
қадалып қалдым. Алдағы өмірің не
болатынымен шаруам жоқ. Телефонға
теліріп отқанда инстадан әлгі қыз шыға
келді. «Тағдырдың өзі солай қалап
тұр» деп пайымдап, «Мүмкін қосылып
кетерміз» деп армандап та қоямын.

Иә саған. Инстадан бір-екі апта
жауап жазбай, кейін оқыды да
«Можешь меня не беспокоить,
пожалуйста» деп қояды. Эхх, сенген
қойым сен болсаң... Сен үшін мен
не істемедім? Қанша ойыншықтан
қағалдым? Мектепте бузық болып
та жарытпадым. Төрт жыл өмірім
еш кетті... Сонда мен осы қызды
шынымен жақсы көргем бе?..
Махаббатқа сәпсем жоқ қыз
екен өзі. Бетіне де бес
елі бола жағай екен...
Вкусым біртүрлі екен
ғой... – деп жерден
алып, жерге салдым
өзімді.

Асхан
НҰРАЗҒАЛИ





Спорт – сан түрлі сайыстан тұрса, соның ішінде сұлулығымен таңқалдыратыны – көркем гимнастика. Әдемі қимыл, ерекше киім үлгісі, ырғақты қозғалысты қажет ететін көркем гимнастиканың көпшілік білмейтін сиқыры бар. Нәзіктіктің символы саналатын спорттың Сыр өңіріндегі бет алысын білу үшін «Мүз айдынындағы» дайындық залына барып, жаттықтырушы Диана Қанатбекпен тілдестік.

Диана ҚАНАТБЕК,
көркем гимнастика жаттықтырушысы:

«ЕЛІМІЗДЕ БІЛІКТІ КАДРЛАР ТАПШЫ»

– Диана, бүгінде көркем гимнастикамен шұғылданғысы келетіндер үшін қиындық жоқ. Жалпы біздің өңірде бұл спорт түріне сұраныс қандай?

– Иә, дұрыс айтасыз. Көркем гимнастикамен айналысушыларға барлық жағдай бар. Спортқа қызығушы мен икемділігі болса жеткілікті. Қызылордада бұл спорт түріне қызығушылық жоғары деп айтуға болады. Күн санап келушілердің қатары қалың. Бүгінде 100-ден аса шәкірт тәрбиелен жатырмыз. Барлығын бір аумақта қамту мүмкін емес. Сондықтан жаттығуды үш топқа бөліп жүргіземіз. Кіші топ – 4-8 жасты құраса, орта топта – 9-13 жас аралығындағы тәрбиеленушілер жаттығу жасайды. Ал үлкен топта – 13 жасан жоғары қатысушыларымыз дайындық жұмыстарын жүргізеді.

– Қатысушыларға қандай талап қоясыздар?

– Біз ең алдымен жас балғындардың дене бітіміне, «моистик» пен «шағат» жасай алатынына және иілгіштігіне назар аударамыз. Егер баланың бойында көркем гимнастиканың алғышарттары жоқ болса, оны шаршатып қайтесіз?

Әсіресе, толық

қыздарды көп әкеледі. Олар гимнастиканың бір-екі жаттығуын жасай алғанымен, ертең кәсіби шеберлігі еспейді. Уақытын жоғалтпас үшін оларға спорттың өзге түрімен шұғылдануына кеңес береміз. Ал кейбірі жаттығудың қиындығына шыдай алмай кетіп қалады. Өрине, күн сайын үш сағаттан жаттығудың оңай соқпасы анық. Кейде ата-аналар қызын бүгін әкеліп, ертең чемпион болып шығуын қалайды. Ол мүмкін емес жайт. Биікті бағындыру үшін көп дайындық қажет.

– Шәкірттің шыңға шығуына бапкердің қызметі маңызды. Өзіңізден бөлек бұл спорттың көкжиегін кеңейтуде қандай мамандар қызмет істейді?

– Қазір дарынды қыздарды облысымыздың бас жаттықтырушысы Гүлмира Асұлтанқызы жаттықтыруда. Гүлмира апайдың еңбегі ұшан теңіз. Қызылордада көркем гимнастиканы алып келді деуге болады. Бас жаттықтырушының арқасында көптеген жетістікке қол жеткіздік. Гүлмира Асұлтанқызынан бөлек, Толқын Абдиева, Айсулу Мадиева, Бану Абеннова секілді мықты ұстаздар балаларды гимнастикаға баулайды.

– Шәкірттеріңіздің жетістіктеріне тоқталыңыз. Сыр өңірі қандай көркем гимнастшылармен мақтанады?

– Қызылордалық спортшылардың республикадағы көрсеткіші жыл санап жақсарып келеді. Шәкірттер арасынан бірнеше жеңімпаз бен жүлдегерлер шықты. Әлемдік бөсекеде бақ сынап, ел намысын қорғап жүр. Соның бірі – Сингапурдағы топтық эстетикалық гимнастикадан «Aesthetic Group Gymnastics World Cup II & Challenge Cup II 2 Singapore» халықаралық жарысы. Байрақты бөсекеге Австралия, Малайзия, Сингапур, АҚШ, Канада, Таиланд, Жаңа Зеландия, Тайвань және Жапония секілді мықты елдердің спортшылары қатысты. Сол бөсекеде 8-10 және 10-12 жас санатында «Сейхун 2» командасы қолаға қол созды. Дана Садықова, Ақбота Өтеген, Әсел Марат, Ақерке Шілдебаева, Раушан

Асфендиярова, Надира Сражадин сынды шәкірттер мықтылар қатарына ілігуде.

– Байқасақ, өзге спорт түрлерінде сапақтар 37 тіпті 40 жасқа дейін өнер көрсетеді. Өкінішке қарай көркем гимнастикада спортшылар мансабын ерте аяқтайды. Мұның сыры неде?

– Көркем гимнастикаға спортшылар ерте бейімделеді. 3 жастан бастап қатысатындары да бар. Көбіне спортшылар 22-23-ке дейін ғана қатысып, мансабын аяқтайды. Өйткені жас ұлғайған сайын салмақ өседі. Аяқтық салмақ гимнастшыларға кедергі болады. Оның үстіне бұлшық еттері қатайып, жарақат жиі алады. Соның салдарынан көркем гимнастикадағы спортшылар мансабын ерте аяқтайды.

– Әлемдік додаларда ел құрамасының ауыз толтырып айтатындай жетістігі жоқ. Ең үлкен дәрежеміз Әлия Юсупованың ғана олимпиададағы үздік төрттікке өнуі. Неліктен?

– Ең алдымен білікті кадрлардың тапшылығынан десек болады. Мысалы, біздің өңірдің өзінде тәжірибелі жалғыз маман бар. Ол барлығына бірдей жетпейді. Сондықтан кадр біліктілігін арттыру қажет. Әлем чемпионатының жүлдесі тек бізге ғана емес дамушы мемлекеттерге де тәуелді. Сараптап қарасақ осы уақытқа дейін тек 17 мемлекеттің спортшылары ғана әлем біріншілігінің жүлдесін еншілеген.

– Болгарияның астанасы Софияда әлем чемпионаты басталады. Ел құрамасын үздіктер қатарынан көріп қалуымыз мүмкін бе?

– Иә, 18 қыркүйекке дейін Софияда кезекті әлем біріншілігі өтеді. Жарыста тоғыз жүлде жынтығы сарапқа салынады. Қазақ елі намысын сегіз спортшы қорғайды. Олар – Елжана Тәниева, Айболат Ертаяқызы, Рената Жолдинова, Сағина Муратқызы, Әсел Шүкірбай, Айдана Шахметова, Аружан Қасенова және Роза Өбитова. Барлығы да республикалық жарыстардың жеңімпазы. Сондықтан үміт бар.

– Өңіміңізге рақмет!

БИЛЬЯРДТАН АШЫҚ ЧЕМПИОНАТ ӨТТІ



Қызылордада бильярдтан Қазақстанның ашық чемпионаты өтті. Оған еліміздің әр өңірінен 60 ойыншы қатысып, жүлделерді сарапқа салды.

Чемпионатқа әлемнің 2 дүркін чемпионы Ернар Чимбаев қонақ ретінде қатысып, шеберлік ойынын көрсетті.

Үш күнге созылған жарыста алматылық Айдос Туғанбаев жеңімпаз атанды. II орын қызылордалық ойыншы Әскербек Нағызбековке бұйырды. III орынның сыйлығын екі қызылордалық ойыншы Нұртас Исмайылов пен Нұрсұлтан Құрбан бөлісті. Сондай-ақ сегіздікке енгендер ұйымдастырушылар тарапынан қаржылай сыйақыға ие болды.

Марапаттарды бильярд ойынының шеберлері – Талғат Ыстықбаев, Берік Ахметов және Руслан Маманов тапсырды.

«ҚЫРАНДЫ» КАПЫ ҚАЛДЫРДЫ



Ел біріншілігінің 19 турында «Қайсар» «Қыранды» қабылдап, 3-2 есебімен жеңіске жетті.

Турдың орталық матчына баланған кездесуде алаң иелері қасқыр мінез көрсетіп, маңызды 3 ұпайға қол жеткізді. «Қайсар» сапынан Дидар Жалмұқан алғашқы голдың авторы атанса, Елисей Горшунов жойқын соққысымен қапқа нысанасын дөп көздеді. Жеңісті голды Мамаду Диалло соғып, «Қайсарға» маңызды 3 ұпайды сыйға тартты.

«Қайсар» – «Қыран» 3:2

Голдар: Дидар Жалмұқан 60, Елисей Горшунов 79, Адама Диалло 87 – Алихан Увалиев 20, Тамерлан Суатбаев 63.

«Қайсар»: Салайдин Нұрымжан, Диалло Адама, Жалмұқан Дидар, Жумаханов Әділбек, Құлмағанбетов Аян, Құрманбекұлы Бекзат (Бондаренко Сергей 46.), Оливейра Жоао Педро (Махан Өркен 71), Горизанов Константин (Горшунов Елисей 76), Сеитов Аманжол (Горшунов Мақсат 46), Сидоренко Кирилл (Сахалбаев Руслан 66), Сламбеков Демият.

«Қыран»: Пишупин Никита, Аманбай Азамат, Бахадуров Ерболат (Суатбаев Тамерлан 60), Есенов Жовхир (Махамбетов Абылайхан 90), Жағоров Наурызбек, Жұмағали Саят, Киракосян Гарегин, Қуанышбай Данабек, Абдел Қайрат, Советказы Нұрсұлтан, Увалиев Алихан (Джамалутдинов Тамирлан 90).

ЖЕРЛЕС МЕРЕЙІ



Сербия мемлекетінің Белград қаласында өткен Әлем Чемпионатында жерлесіміз Айдос Сұлтанғали 60 келі салмақта қола жүлдегер атанды.

Айдос – грек-рим күресінен ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, жастар арасында Қазақстан чемпионы, ересектер арасында күміс жүлдегер. 2015 жылғы жасөспірімдер, 2016 жылғы жастар арасындағы Азия чемпионы, Ашхабад қаласында өткен жабық кешендегі Азия ойындарының қола жүлдегері.

Облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебінде тәлім алатын Айдостың бапкерлері – Ғабиден Райымбек және ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Виктор Юн.

Бетті дайындаған: ЕІШӨРІБЕК

The Richest сайты әлемнің ең бақуатты кәсіпқой боксшыларының тізімін жариялады. Үздік ондықтың тізіміне Қазақстанның ең атақты боксшысы Геннадий Головкин еңбей қалды.

Дәулеті тасыған боксшылар көшін Флойд Мейвезер бастап тұр. 45 жастағы АҚШ-тың арланы 1996 жылы Атланта Олимпиадасында қола медалды иеленгеннен кейін кәсіпқой рингте күш сынасуға бел буды. Сол аралықта өткізген 50 бәсекенің барлығында жеңіске жетіп, 27 қарсыласты нокаутқа жіберді. Бірнеше салмақ дәрежесі және бірнеше белді нұсқа бойынша чемпиондық белбеуді иеленген Мейвезер XXI ғасырдың ең үздік боксшысы деп танылды. Оның ер жеке-жектен тұспан табысы өзге спортшылардың түсіне де кірген емес. Бүгінгі таңда Флойд 450 миллион АҚШ долларына иелік етіп отыр.



ДӘУЛЕТІ ТАСЫҒАН СПОРТШЫЛАР

Екінші

орында – Джордж Форман. Кәсіпқой рингтегі карьерасын америкалық алып сонау 1969 жылы бастады. Ол кезде Джордж жүлжанып тұрған 20 жаста еді. Ал соңғы жеке-жегіні 48 жасында өткізді. 1997 жылдың күзінде «шау тартқан» боксшы 26

жастағы отандасы Шеннон Бригске ұпай санымен есе жіберді. Бірақ Форман сол сәтсіздікке бола қайғы-мұңға салынған жоқ. Ол рингте жеңіліс тапқанымен материалдық тұрғыдан мол олжаға кенелді. Кезінде Мұхаммед Әли, Джо Фрейзер, Эвандер Хоппифилд, Майкл Мурер сынды аты аңызға айналған азаматтармен айкасқан «Дэу Джордждың» табысы – 300 миллион доллар.

Үздік үштікті Мэнни Пакьяо түйенді тұр. Филиппиннің мақтанышы 220 миллионды еншілеп отыр. Сондай-ақ ТОП-10 бақуаттылардың тізіміне мына боксшылар енді: Оскар Де Ла Хойя (200 миллион), Сауль Альварес (180 миллион), Леннокс Льюис (150 миллион), Шугар Рэй Леонард (120 миллион), Владимир Кличко (90 миллион), Энтони Джошуа (80 миллион) және Виталий Кличко (80 миллион).

– Қызылорданың туған күнінде «Сыр ана» монументінде палау пісіру сайысын өткізуді қолға алдық. Негізгі мақсат – шаһардағы аспазшылардың басын жосып, шеберліктерін шыңдау. Сонымен қатар қала күніне орай тұрғындарға дәм сыялау. Жалпы палау төрт-түлік малы етінен жасалады. Оның он қазаны түйе етінен, он қазаны жылқы етінен, он қазаны сиыр еті, қалған он қазаны қой етінен пісіріледі. «Абай Дәулет» компаниясының ұсынысына аймақ басшысы қолдау



Қала күніне орай биыл Ақмешітте аспаздар сыңға түседі. Жылдағы мерекелік шаралардың ауқымы кеңейіп, тұрғындар думанды жиындардың жаңа легін тамашалайды. Биылғы өрешелік – «Сырдың қырық қазан палауы» сайысы. Өңірде тұңғыш рет ұйымдастырылатын шараның негізгі жүгін «Абай Дәулет» компаниясы көтермек. Аспаздар сайысының ұйымдастырушысы Сения Абайдың айтуынша, байқауға қатысуға ниет білдірушілердің қатары қалың.

көрсетіп, сайыстың өтуіне ықпал жасады. Қыркүйектің 6 мен 9 аралығында тіркеу жұмыстарын жүргіздік. Бүгінде 1300 адам қатысуға ниет білдірді. Бірақ барлығын бірдей қатыстыру мүмкін емес. Сондықтан іріктеу жұмысын жүргізуді қолға алдық. Белгілі талаптар қойылды. Қазір 300 үміткер алғашқы іріктеуден өтті. Яғни санитарлық кітапшасы, тәжірибесі секілді қағидаларды қарап, іріктедік. Енді сауалнама жүргіземіз. Сауалнама 10 сұрақты қамтиды. 1 сұрақ – 10 ұнады құрайды, 100 ұнай еңішегендер сайысқа жіберіледі. Финалдық бәсекесіне қатысатын аспаздардың барлығының еңбегі ескеріледі. Өр қатысушыға 10 мың теңге төленеді. Сондай-ақ халықтың көңілінен шыққан үш аспазшыға орындар тағайындалады. Бірінші орынға – 150 мың теңге, екінші орынға – 100 мың теңге, үшінші орынға – 50 мың теңге. Сонымен қатар палау Сыр өңірінің күршітерін жасалады. «Лидер», «Янтарь», «Маржан», «Өйгерім», «Сыр сұлуы» секілді сорттары пайдаланылмақ. Палаушыларға қажетті затының барлығын ұйымдастырушылар қамтамасыз етеді.

Сайысқа қатысушы үміткердің бірі – Сәбит Өлімбаев. Ол өзбектің ұлттық тағамын 5 жылдан бері әзірлеп жүр. Сәбиттің сайысқа қатысудағы мақсаты – аспаз әлеміндегі тәжірибесін жетілдіру. – Палаушылар сайысын осыған дейін өзге өңірлерден еститінбіз. Өңірде алғаш рет ұйымдастырылып жатқанын кейін, қызығушылық танытып, қатысуға ниет білдірдім. 5 жылдан бері палау пісірумен айналысып келемін.

болмаса да, той-жындарда дайындаймын. Жалпы палаудың сәтті шығуы өнімге де байланысты. Көбіне янтарь күрішін пайдаланамын. Янтарь сорты Ташкент палауын әзірлеуге ең қолайлысы. Сайыста үздік үлгіше еңбесем өкінбеймін. Өзіме ең маңыздысы, қала күні мерекесінде тұрғындарға дәмді палау ұсынғым келеді, – ол. Мерекелік сайыстың финалдық бәсекесі 17 қыркүйекке жоспарланған. Қала тұрғындары «Сыр ана» монументіне келіп, аспазшылардың дайындаған палауынан дәм тапып, қазылар алқасына өз ойын айтуына болады. Мерекелік думаннан қалыс қалмауға шақырамыз!

Ерасыл ШӨРІБЕК

ЕРСЕЙІТТІҢ ЕҢБЕКҚОРЛЫҒЫ

Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарап, жасыл желекті көбейту, тазалық мәдениетін қалыптастыру қашанда өзекті. Қуантатыны, бізде бұл түйткілді шешу-ге талпыныс жоғары. Қаладағы көпқабатты үйлердің маңынан өтсеңіз, көңіл жайлана түседі. Ауласын түрлі ағаш пен хош иісті гүлге көмкеруге асық жандардың қатарында Сырдария мөлтек ауданы №8 үйдің тұрғындары бар. Соның ішінде 14 жасар Ерсейіт Сұлтаннның еңбекқорлығы қатарластарына үлгі. Бүгінде ол Қала күніне орай ұйымдастырылған «Ақдәулет – 2022» байқауының ең жас қатысушысы атанып отыр.

Ерсейіттің отбасы он жыл бұрын осы шағын ауданға көшіп келген. Өзі мектеп оқушысы, бос уақытында игі іспен айналысып, қоғамдық өмірде белсенділігін арттыруға күш салады. – Үйдің айналасы таза шеге құм. Сәл қазсаң, құрылық қықстары шығады. «Бұл жерге не өседі?» деп ешкімнің тал егумен ісі болмады. 2 жыл бұрын карантинде ұлым Ерсейіт екеуімз подвезд алдына қоршау жасап, оны бояп, қораны тастардан тазарттық, қықстарды қазып алып тастап, көшет ектік. Жүк көліктен көн алдырып, аулардық, тыңайтқыш сатып алып құйдық. Арматура алып, есіктің алдына иіп, жаппа жасап, шырғауық ектік. Қазір ол қалындап, бойы да өсіп, керемет сая болып тұр. Ерсейіт арықтан суды шелекпен тасып, күн ара суарады. Ұлым үйдің сыртқы бетіне де өткен жылы 20 шақты тал екті. Бір жылда өсіп, жайқалады деп үміттеніп отырмын. Алдағы уақытта үйдің көше бетін толық көгалдандыруды жоспарлап отырмыз. Осының барлығын күтіп-баптауын – ұлым. Мен тек көмектесемін, – дейді жас бағбанның әкесі. Егілген ағаштың, әрбір өсімдіктің пайдасы шаш етекпен. Жасыл желектің әсерінен ауа тазарып, қолайлы микроклимат қалыптасады, шу деңгейі төмендейді. Сондықтан көршілер де ізгі іске

үлес қосуды және ауланы одан әрі абаттандыра түсуді пәрыз деп біледі екен. Бастысы, олардың балалары осылайша тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиеленуі, «тазалықтың табалдырықтан басталатынын» ұғындырып өсіруі көңіл қуантады. Тазалық болған жерде денсаулық болады. Ал жасыл-желек болса, денсаулық екі есе күшейеді дей беріңіз. Өрі бұл өзгелерге де ой саларлық әрекет. «Менің аулам одан да керемет болады» деп әрбір тұрғын талаптанса, нұр үстіне нұр емес пе? «Бір тал өксең, еліңе орман салғаның» деген сөздерді мәйек етіп, қаланы көркейтуге үлес қосып жүрген осындай жандарға құрмет бөлек. Алдағы уақытта абзал істерінен еңеге болған өзбекшай бағбан – Ерсейіттің еңбегі ескерусіз қалмайды деген ойдамыз.

Мөлдір СНАДИН



Тоқты
Не болып жатқанын түсінесіз. Өзгеріс идеясы санаңызға терең енеді. Сіздің сыртқы келбетіңіз де өзгеріп, басқалардың назарынан тыс қалмайды. Өзге адамдарға, жұмысқа, жалпы өмірге деген көзқарасыңызды жаңғыртасыз.

Торпақ
Барлық бағытта құлдырауды сезуіңіз мүмкін. Бірақ сіздің позицияңызды әрқашан қорғайтын сенімді достарыңыз бар. Үйде сіз жақын адамдардан қолдау күтесіз. Бұл апта қажетті білімді толықтыруға, дене бітімің нығайтуға жақсартуға ыңғайлы кезең.

Егіздер
Бар тәжірибені қолдана отырып, бұрыннан келе жатқан проблемаларды оңай жеңе аласыз. Жеңімпаз ретіндегі сәттілік, іскерлік рух пен өзіндік табиғи қасиеттеріңіз сәтті үйлесім табады. Егер жоспарлаған болсаңыз, басқа жұмысқа ауысу сәтті болады.

Шаян
Жаңа жетістіктерге толы апта болмақ. Табысқа жетуіңіз табандылық пен төзімділік керек. Ең бастысы, бағытты болашаққа сену қажет. Бұл апта өзін-өзі дамытуға, таланттарыңызды көрсетуге жақсы мүмкіндіктер ашады.

Арыстан
Бұл апта арыстандар үшін өзгерістерге толы болады. Бірақ ол жайттардың барлығынан пайда күтудің қажеті шамалы. Қызмет саласында қырағылық пен аса сәттік танытқан дұрыс. Егер өсу болып жатса, керітартпалықтан сақтаныңыз.

Бикеш
Биештердің жеке өмірде жолы болады. Олар көптен күткен махаббатын көзкітіріп, махаббат бесігінде тербеледі. Десе де,

астрология мұндай кезде басыңызды жоғалтып алмай, жалынды сезіміңіз өртіне күймей, әрбір қадамыңызды аңдап басуға шақырады.

Таразы

Жұлдыздардың ізденіп, жақсылыққа ұмтылғандарға керемет марапаты бар. Апта басы жаңа бастамалар, шығармашылық жетістіктер мен кәсіби ізденістерге толы болады. Таразыларға отбасы, туған-туыстарды ұмытпау керектігін ескертеміз.

Сарышаян

Жоспарларыңызды кең ауқымға деп атауға болады. Бірақ оны іске асыруға әрдайым күш салу керек. Басқалары тынығып жатқанда сіз біліміңізді жетілдіріп, бар тәжірибені жұмыста қолдануға тырысасыз.

Мерген

Оқиғалардың бәрі тұрақтылық идеяларымен байланысты болады. Өміріңізге өзгеріс енгізуді ойласаңыз, жаңашылдыққа ұмтылыңыз. Өр күн – мүмкіндік.

Тауешкі


Ұзақ уақыт бойы басқалардың қысымына, сыңға және наразылыққа төтеп бере алмайды. Өзгелердің әсерінен өзіңізді жайыс сезінесіз. Басқаларға қайшы келмеу үшін сөзбе-сөз батылдық таныту керек. Бұл апта сынақ кезеңі. Қиын таңдау күтіледі.

Сұқұйыш

Қырағылығының арқасында соңғы оқиғалардың қайталануын болдырмайды. Мұнда сізге кейбір ұсақ-түйек ерекшеліктер көмектеседі. Ол кез келгенің қолынан келе бермейді. Сіз өзіңізге ықпалы көп адаммен ынтымақтастық құрасыз. Егер тиімді одақтассаныз, бизнесіңіз сәттілік күтіледі.

Балықтар

Осы уақытта дейін маңызды болып көрінетін жоспардан бас тартасыз. Сіз бір нәрсені жеңуге деген ұмтылысты жоғалтасыз, өз жолыңызбен жүресіз және позицияны сақтау тәсілін іздейсіз. Сонымен қатар кәсіби қызметте маңызды перспективаны пайда болады.



Кезекші редактор: Д.БЕКМӨБІ

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7242 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 17242 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 7416
Тансырыс: 1539